

2005 жылы облыс ормандарын өртке қарсы қорғау жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 27 сәуірдегі N 128 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 30 мамырда N 1585 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011 жылғы 17 қазандағы N 01.04-08/2964 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011.10.17 N 01.04-08/2964 хаты)

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі N 477 Орман кодексінің 15 бабын орындау үшін облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыс ормандарын 2005 жылғы қосымша берілген Жоспарға сай қорғау бойынша өртке қарсы іс-шаралар жүргізілсін.

2. Аудан әкімдері өрт қаупі кезеңінде меншік нысанына қарамастан барлық кәсіпорындарға, мекемелерге:

облыстық табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаментінің келісімінсіз ормандарда мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуге;

орманның алаңқай жерлерінде, шалғын, пішендік жер мен жайылымдарда шөптерді өртеуге (соның ішінде ауылшаруашылық аптабын жүргізуге);

ормандағы жұмыстарда тұтандырғыш жүйесінде ақаулықтары бар және ұшқын сөндіргіші жоқ автомобильдерді және басқа механизмдерді пайдалануға тыйым салынсын.

3. Білім департаменті оқушылар мен студенттер арасында ормандағы өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау туралы түсіндіру жұмыстарын ұдайы жүргізсін.

4. Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары департаменті автомобиль жолдары жиегіндегі минералдандырылған алқаптарды таза жағдайда ұстасын.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі Көлік инфрақұрылымын дамыту комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасына (келісім бойынша) автомобиль жолдары жиегіндегі тосқауыл және қорғаныш алқаптарын тиісті өртке қарсы жағдайда ұстау ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.В.Развинге жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімдігінің
2005 жылғы 27 сәуірдегі

№ 128 қаулысына қосымша

**2005 жылғы облыс ормандарын қорғау бойынша
өртке қарсы іс-шаралар жоспары**

Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі Солтүстік Қазақстан облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі басқарма және төтенше жағдайлар және жұмылдыруға дайындық басқармасымен орман өрттерімен күресуге арналған күштерін өзара әрекеттеу жоспарын әзірлеу және келісу.	Табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті	1 мамырға дейін
2. Өрт - химиялық стансаны, өртке қарсы жасақтарды, қажетті қызметкерлерімен тірек бекетін, өртке қарсы керек-жарақтарымен және техникамен жабдықтау. Орман өрттерін табу және сөндіру бойынша құралдарды толығымен дайындау.	Табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті	1 мамырға дейін
3. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ормандарда өрт қауіпсіздігі тәртібін бұзған кінәлілердің жауапкершілік шараларын түсіндіріп орман өртінің алдын алу бойынша кеңінен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.	Табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті	Үнемі
4. Өрт қауіпі кезеңінде мемлекеттік орман қорғауды, сондай-ақ мекеменің техникалық құралдарын (автомобильдерді, тракторларды, бульдозерлерді) орман қорғауға байланысты емес жұмыстарға пайдалануға тыйым салу.	Петропавл қаласы және аудан әкімдері	1 мамырдан бастап өрт қауіпі кезеңінің аяқталуына дейін
5. Меншік түріне байланыссыз ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен мекемелердің көліктік техникаларын орман және дала өртін жоюға тарту механизмін, аудандық өрт сөндіру жоспарларын әзірлеу және бекіту. Тез әсер ету жасағына аудандық байқау жүргізу.	Петропавл қаласы және аудан әкімдері	1 мамырға дейін
6. Тез әсер ету жасағына байқау жүргізу мерзімі бекітілсін және кестесі құрылсын.	Табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті	1 мамырға дейін
7. Жоғарғы өрт қауіпі кезеңінде техникалардың кіруіне тыйым салу және орман ескерткіштері мен ерекше қорғалатын табиғат аумақтарына, қылқанды орманға заңды және жеке тұлғалардың баруын шектеу, кіретін жерлерге уақытша біріккен жол полициясы мен мемлекеттік орман қорғау бекетін қою.	Петропавл қаласы және аудан әкімдері, Ішкі істер басқармасы, Табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті	1 мамырдан 7 мамырға дейін, 7 мамырдан 11 мамырға дейінгі кезең
8. Жоғары өрт қауіпі кезеңінде мемлекеттік орман қоры аумағында жеке және заңды тұлғалардың орманды пайдалану құқығы тоқтатылып орманға кіруге тыйым салу.	Петропавл қаласы және аудан әкімдері, Табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті	үнемі
9. Шаруашылық қожалықтары мен ауыл шаруашылық ұйымдарының мемлекеттік орман қорына жақын ауыл шаруашылық алқаптарында, жайылымдарда, пішендіктерде және жарамсыз алқаптарда астық, өсімдіктер және басқа да	Ауыл шаруашылық департаменті, табиғат ресурстары және	үнемі

қалдықтарды өртеу жұмыстарын бақылауды қамтамасыз ету .	табиғатты пайдалануды реттеу департаменті, аудан әкімдері	
10. Қылқан жапырақты орман шетінен немесе жеке өсіп тұрған қылқан жапырақты ағаштар мен талдардан кемінде 50 метр, жапырақты орман шетінен және жеке өсіп тұрған жапырақты ағаштардан кемінде 25 метр қашықтықта сабанды өртеуге тыйым салу.	Ауыл шаруашылық департаменті, СҚО табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті, аудан әкімдері	үнемі
11. "Қоршаған ортаға орман өртінің әсер етуі" тақырыбына жалпы мектеп жиналысы, сынып сағаттар, азаматтар жиылымының кестесін әзірлеу және бекіту.	Петропавл қаласы және аудан әкімдері, білім беру және ауыл шаруашылық департаменттері	кесте бойынша
12. Орман және дала өрті қамтыған аумақтарда халықты эвакуациялау мүмкіндігі мәселелерін меңгеру.	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы	кесте бойынша
13. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде орналасқан балаларды сауықтыру лагері, туристік базалар мен елді мекен аумақтарының өртке қарсы жағдайын тексеруді ұдайы жүргізу.	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы	1 мамырға қарай
14. Көктем-егістік жұмыстарын дайындау және өткізу бойынша аудандық кеңестерде облыс ормандарын сақтау мәселелерін қарастыру.	Петропавл қаласы және аудан әкімдері, ауыл шаруашылық департаменті, табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті	өткізу шамасы бойынша